

ТЕРІНІҢ САҢЫРАУҚҰЛАҚ АУРУУЛАРЫ

лектор: Д.Н. Айдарбекова



АНЫҚТАМА

- ◎ Саңырауқұлақтық аурулар, дерматофиттер -патогенді саңырауқұлақтар әсерінен пайда болатын терінің жұқпалы аурулары.

КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

- **Кератомикоздар** : түрлі-түсті немесе кебекті теміреткі
- **Дерматомикозы**: эпидермафития, рубромикоз, микроспория, трихофития және фавус.
- **Кандидоздар**
- **Терең (жүйелік) микоздар**: актиномикоз, хромомикоз, бластомикоз, споротрихоз, т. б.)


ТҮРЛІ-ТҮСТІ НЕМЕСЕ КЕБЕКТІ ТЕМІРЕТКІ

- Негізінде денеде , көбінесе кеуде мен арқада, кейде мойында, иықтың үстінде, бастың шашты бөлігінде орналасатын терінің жұқпалы ауруы.

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

- Теріде қызғылт-қоңыр түсті, беті қабыршақтанған ұсақ дақтар пайда болады. Үлкейе келе бір-бірімен қосылып, шеттері иректелген ірі көлемді дақтар түзеді. Бұлардың үстінде ұсақ құрғақ қабыршақтар пайда болады. Ауру бірнеше айға, жылға созылады.

ТҮРЛІ-ТҮСТІ НЕМЕСЕ КЕБЕКТІ ТЕМІРЕТКІ



ДИГНОСТИКАСЫ

- Диагнозын анықтау қиынға түспейді. Терідегі дақтарға йод ерітіндісін не анилин бояуын жаққанда зақымданған теріге бояу көбірек сіңеді. Дақтардың бетін шыны затпен тырнағанда қабыршақтар жаңқаланып түседі. Кебекті теміреткі бастың шашты бөлігінде орналасқанда оның диагнозын анықтау үшін Вуд шамы қолданылады: қараңғы бөлмеде Вуд шамының сәулесін түсіргенде дақтар қызғылт-сары немесе күрең түске боялады.

EMI

- Зақымданған жерге 2%-тік йодтің спиртті еретіндісі және т.б. фунгицидті ерітінділер қолданылады. Сонымен қатар азольды қосындылар (клотримазол, кетоконазол, тербизил, т.б.) шампунь, крем немесе ерітінді түрінде қолданылады.

ДЕРМАТОМИКОЗДАР

- **Дерматомикоздар (син. дерматофитиялар) - *Microsporum*, *Trichophyton*, *Epidermophyton* туыстығынан құралған саңырауқұлақ аурулары тобына жатады. Адамдарда дерматофиттер эпидермисті, тері қосалқыларын- шаш пен тырнақты зақымдайды.**

МИКРОСПОРИЯ

- ◎ ***Микроспория*** - түрлі *Microsporum* туыстығынан шыққын саңырауқұлақтармен тудыратын тері және шашты зақымдайдын жоғары контагиозды ауру.

МИКРОСПОРИЯ

- Жазық терінің микроскопиясы-анық шектеулі, сәл көтеріңкі, дөңгелек, беті шамалы қабыршақтанған қызғылт дақтар, жеке көпіршіктер және ұсақ қабықтар пайда болады. Шеттеріне қарай өсіп, дақтың ортасы жазыла келіп сақина тәрізді бейнелер түзеді. Жазық терінің микроспориясында ұлпа түктердің өзгерісі жиі байқалады.

МИКРОСПОРИЯ

- Бастың шашты бөлігінің микроспориясы - мамық микроспорум тудырған микроспорияда дөңгелек анық шектеулі бір немесе бірнеше ірі ошақтар пайда болады. Зақымданған ошақтардың терісі қызғылт түске боялады және тығыз ұсақ ұн тәрізді қабыршақтармен жабылады. Зақымданған ошақтарда тері бетінен 4-6 мм биіктікте шаштың барлығы сынғандықтан қысқа қырқылған сияқты болып көрінеді.

ДИАГНОСТИКАСЫ

- Зақымданған шашты микроскопиялық зерттеу, жасанды қоректік ортаға себу, ультракүлгін сәулесімен көру, Вуд шамымен тексеру арқылы анықталады.

ТРИХОФИТИЯ

- ◎ **Трихофития - *Trichophyton* туыстығынан шыққан саңыруқулақтар шақыратын жұқпалы ауру. Көбінесе теріні, шашты және тырнақтарды зақымдайды.**

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

- клиниклық көрінісіне қарай трихофитияны үш түрге бөлеміз:
- ***Беткей***
- ***Созылмалы***
- ***Инфилтративті-іріңді***

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

- ◎ Трихофитияның беткей түрін көбінесе *Trichophyton violaceum* және *Trichophyton tonsurans* шақырады. бекейлі трихофития негізінен жас балаларда жиі кездеседі. Көбіне терінің және шаштың эпидермис қабатын зақымдайды. Жұғу жолы ауру адам. Трихофития шаш немесе түк аймағында көптеген түрде диаметрі 2-3см-дей шекарасы анық немесе анық емес шеті қызғылт ортасы қабыршақтанған бөртпемен сипатталады. Зақымданған жерінде шаштың сынғыштығы байқалады. Ауру қоздырғышы тері қабатына енгеннен кейін сол жерде оқтын-оқтын қышыну белгісі пайда болады

БЕТКЕЙ ТРИХОФИТИЯ



БЕТ ТЕРІСІНІҢ БЕТКЕЙ ТРИХОФИТИЯСЫ ЖӘНЕ БАСТЫҢ ШАШАТЫ БӨЛІГІНІҢ ТРИХОФИТИЯСЫ



ІРІҢДІ-ИНФИЛЬТРАТИВТІ ТРИХОФИТИЯ

- Этиологиясы- зоофильді саңырауқұлақтар: *Trichophyton mentagrophytes* (гипс тәрізді трихофитон) және *Trichophyton verrucosum* (сақал тәрізді трихофитон)

ІРІҢДІ-ИНФИЛЬТРАТИВТІ ТРИХОФИТИЯ

- Басың шашты бөлігінің, ал ерлердің сақал және мұрт өсетін жерлерінің іріңді-инфилтративті трихофитиясында тері бетіне шығыңқы бір-екі шектелген қабынулы, кейін іріңді түйіндер пайда болады. Оларды пальпациялағанда ауырсынады. Кейде аллергиялық бөртпемен, лимфалық түйіндердің ұлғаюымен , дене қызуының көтерілуімен сипатталады. Уақытылы тиісті ем қабылдамаса ауру асқынып, дененің басқа жерлеріне тарайды

ІРІНДІ-ИНФІЛЬТРАТИВТІ ТРИХОФИТИЯ



ЕМІ

- ◎ **Микроспория и трихофитияның емінде жергілікті және жалпылама саңырауқұлақтарға қарсы ем жүргізіледі.**

ТАБАН ЗЕҢІ

- *Ашытқы тәрізді саңырауқұлақтармен шақырылатын табан терісінің жұқпалы зақымдануы.*

ЭТИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЯСЫ.

- Табан зеңін жиі шақыратын қоздырғыштары қызыл трихофитон (*Trichophyton rubrum*) және саусақ аралық трихофитон (*Trichophyton mentagrophytes, var. interdigitale*), сирек бұл ауруды *Candida* и шап эпидермофитон (*Epidermophyton floccosum*) шақырады.
- Заладану көбінесе санитарлық-гигиеналық талапқа сай емес баняларда, бассейндерде, спорттық залдарда, сонымен қатар залалданған аяқ киімдер, сүлгі, мочалкакалар ,т.б. арқылы

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

- Қабыну процесіне және орналасуына қарай табан зеңін бес клиникалық түрін :
- *жасырын*
- *интертригинозды(башпайаралық)*
- *дисгидротикалық*
- *Жедел*
- *қабыршақты*

ТАБАН ЗЕҢІ

- Жысырын түрінде -3-4-ші башпайлар арасында, табанның күмбезінде, башпайлар қырында орналасады. Терінің башпайлар арасындағы бүкпелердің түбінде және башпайлардың екі жағы аздап қабыршақтанып, түлеп тұрады. Жасырын эпидермофития білінбей, көп айға , жылға созылады.


ТАБАН ЗЕҢІ

- Интертригозды түрінде саусақ арасындағы тері бүкпесінде, әсіресе 3-4-ші башпайлардың арасында жасырын түрінің асқынуынан басталады. Тері қызарып, дымқыл тартып, эрозия пайда болады. Жан-жағында аршылған мүйізденген қабаттың қалдықтары байқалады. Біртіндеп қабыну башпайдын астына және өкшеге қарай өтеді.

ТАБАН ЗЕҢІ

- Дисгидротикалық түрінде-табанның ішкі және сыртқы жағында, көбінесе күмбезінде түйреуіш басынан бұршақтың көлеміне дейін бір-біріне жақын шоғырланып орналасқан көпіршіктер шығады. Аурудың беті қайтқанда көпіршіктер түзілуі тоқтайды, сыдырылу мен эрозиялар жазылып, үстінде ұсақ пластинкалық қабықша пайда болады. Зақымданған ошақ қабыршақты түріне ауысады.
- Қабыршақты түрінде- табан терісінде шектелген зақым ошағы түзіледі. Терінің беті ақшыл-қызылт түсті, шет-шетіндеаршылған мүйізделген қабаттың қалдықтары көрінеді. Аздап қышиды, баяу ұзақ дамиды.

ТАБАН ЗЕҢІ



ОНИХОМИКОЗ

- ◎ **Онихомикоз** - тырнақ пластинкаларының саңырауқұлақты зақымдануы. Бәсең өршиді және созылмалы ағымда болады.

ОНИХОМИКОЗ



КАНДИДОЗ

Кандидоз - ашытқы тәрізді саңырауқұлақ Candida-мен шақырылатын теріні тырнақты және кілегей қабатты зақымдайтын ауру.

КАНДИДОЗ

Клиникалық көрінісі. Келесі түрлерге бөлінеді:

1. *Беткей кандидоз* (ауыз, гениталий, тері, тырнақтың).

2. *Созылмалы жайылмалы (гранулематозды) балалар және жасөспірімдер кандидозы* (созылмалы терікілегейлі кандидоз).

3. *Висцеральды кандидоз* (ішкі ағзалардың және жүйелердің зақымдануы)


КАНДИДОЗ

- *Кілегей қабаттың және терінің кандидозы :*
кандидозды стоматит, кандидозды глоссит, ауыз бұрышының кандидозы (дрожжевая заеда), кандидозды хейлит, кандидозды вульвовагинит, кандидозды баланопостит.
- • *тері және тырнақ кандидозы: үлкен қыртыстар кандидозы, кіші қыртыстар кандидозы, онихомикоз.*

ҮЛКЕН ЖӘНЕ КІШІ ҚЫРТЫСТАР КАНДИДОЗЫ



КАНДИДОЗДЫ СТОМАТИТ, КАНДИДОЗДЫ ГЛОССИТ, АУЫЗ БҰРЫШЫНЫҢ КАНДИДОЗЫ (ДРОЖЖЕВАЯ ЗАЕДА)



ТЕРЕҢ МИКОЗДАР

Мицетома – бұл теріні, тері асты қабатын, сіңірлерді, бұлшықет және сүйек тінін зақымдайтын бәсең өршитін созылмалы ауру. Көбінесе табан және саусақтар зақымдалады. Ісіну және аяқ көлемінің ұлғаюымен, бірнеше жыланкөздермен және іріңнің бөлінуімен сипатталады.

МИЦЕТОМА



ХРОМОМИКОЗ

Хромомикоз — бұл терінің және тері асты қабатының созылмалы инфекциялы ауруы. Балтыр және табанда табақша тәрізді өсімділермен сиптталады. Қоздырғыштары — продуцирующие меланин өндіруші саңырауқұлақтар , осының салдарынан өсімділерге қошқылдау түс береді.

ХРОМОМИКОЗ



КРИПТОКОККОЗ

Криптококкоз – бұл өкпенің зақымдануынан басталатын диссеминирленген саңырауқұлақтық инфекция. Өкпеден қоздырғыш қан арқылы миға, кейбір науқастарда тері және кілегей қабатына өтеді.

КРИПТОКОККОЗ



НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!